



ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ II

Джон Джугин «Тәжірибедегі теория:
Лирдің о дүниелік өмірі»



Сабақтың мақсаты: Джон Джугиннің «Тәжірибедегі теория: Лирдің о дүниелік өмірі» атты еңбегімен таныстыру.

Кілт сөздер: Лир патша, Шекспир, драмалық шығарма, қойылым, пьеса, т.б.

Джон Джугин бүгінде Шығыс Лондон университетінде басқарушы болып қызмет атқарады. Ол алдыңғы қатарлы Шекспиртанушылардың бірі, оның еңбектерінің қатарында Шекспир және Ұлттық мәдениет (1997), Философиялық Шекспир (2000) мен Жаңа эстетизм (2003) атты кітаптары бар. Бұл эсседе ол «Лир Патша» шығармасының мағынасындағы күрделілікті ашу үшін Дерриданың деконструктивтік талдауын пайдаланады.

Джон Джугиннің еңбегі Шекспирдің әлемге әйгілі трагедиясы – «Лир патша» туралы болғандықтан, оның алдымен осы трагедиясының мазмұнын еске алайық.

Бұл трагедия сатқындық, дүниеқоңыздық, іштарлық, көреалмаушылық, ашкөздік пен екіжүзділік тәрізді жағымсыз қасиеттердің түбінде адамды жақсылыққа жеткізбейтіні туралы әңгімелейді. Сонау 1606 жылы жазылған бұл туынды байлығы асып-тасқан, билігімен дүниені тіреп тұрған Лир патшаның қайғы-қасіреті мен бақытсыздығы жайлы баяндайды. Дүниенің бар байлығы өмірде адам баласын бақытты ете алмайтындығы жайлы ойландырады. Бақытқа қол жеткізе алмаған, қайғының қараңғы қапасына қамалған патша мен оның қыздары хақындағы хикая адамның бақыты байлыққа байланысты еместігі жайлы өмір шындығын көрсетеді.

Бүкіл елін ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған Лир патша қартайған шағында патшалығын қыздарына бөліп беріп (Лир патша қыздарымен), солардың қасында бақытты өмір сүруді ойлайды. Лир патша қанша қатал, адуынды болса да қыздарына келгенде махаббаты ерекше еді. Қартайған шағында патшалықты үш қызына бөліп беруге ниеттеніп, әкелерін кім қаншалықты жақсы көретінін білгісі келіп, қыздарына шарт қояды. Ол шартта, қыздарының қайсысы әкесін қаншалықты жақсы көретінін есту еді. Гонерилья мен Регана есімді екі қызы бұл сөзді естіп, қуана-қуана әкелерінің мақтауын асырып, әлемде тек Лир патшаны жақсы көретіндігін жарыса айтады. Лир патшаның ерекше жақсы көретін кіші қызы Корделия болса, көп сөзге жоқтығын, әкесін өліп-өшіп жақсы көре алмайтындығын, әпкелерінің сөзінің жалғандығын айтады. «Егер де екі әпкем, әлемде сізді ғана сүйетін болса, күйеуге неге тиеді екен?» деп тиісе сөйлейді. Әкесі шамданып кіші қызын патшалықтан қуып жіберіп, тәжі мен тағын екі қызына тең бөліп береді. Сонымен қатар, екі қызына кезек-кезек барып, демалатындығын айтады. Алайда Лир патшаның сенімі ақталмайды. Екі қызы күш біріктіріп әкелерінің көзін құртуды ойлайды. «Әкеміз тірі тұрғанда тақ та, тәж де біздікі болмайды» деп астыртын жоспар құрады. Лир патша бәрін сезіп, кезінде өзі қуып жіберген кіші қызы Корделиядан пана іздейді. Шығарманың соңы бір-бірін көре алмау, қызғаныш, өлім сынды шиеленіскен оқиғамен аяқталады.

Міне, осы трагедиялық туынды туралы эссесінде Джон Джугин: «Әдеби мәтіннің о дүниелік (арғы) өмірі туралы айту дегеніміз нені білдіреді? Неге кейбір мәтіндер уақыт өтсе де маңыздылығын жоймайды, ал кейбіреулері мүлде ұмытылады?» деген сұрақтарға жауап іздеуден бастайды және былайша жауап береді: «Бір мәтіннің екінші мәтіннен ұзағырақ жасауы өзіне дейінгі дәстүрлерді бұзып, дағдылы түсініктерді бөтендендіруінде. Әрине, кез келген мәтіннің о дүниелік өмірі оның сыни тағдырымен, анализ бен түсіндірушілік екіұштылық мезеттеріне түрлі буындарды қайтадан оралту қабілетімен тікелей байланысты. Шекспирдің сыни мұрасының бойын шолып өту мен ертеректегі редакторлардың пікірталастарына мұқият назар салу арқылы бүгінгі күнге дейін жауапсыз қалған сұрақтарды ашатын диспуттар мен дилемаларға бетпе-бет келуге болады.

Драматикалық мәтіндерде пьесаның автор өлімінен кейін де жалғасатын өмірі, біздің пьесаны сахнадан көрген тәжірибелерімізбен тығыз байланысты. Оған көбінесе пьесадан кейін де жадымызда қалатын эмоционалдық бояуы қою тұстары көмектеседі. Олар жекелеген сахналардың мағынасы жайлы қалыптасқан пікірімізді қайта қарауға жетелейді. Осы және көптеген өзге орайларда әдеби мәтіннің құндылығы біздің қабылдауымызды өткірлей түссе де, түсінігіміздің шектеулі екенін еске түсіреді. Сонда да «неге кейбір шығармалардың өмірі өзгелерге қарағанда ұзақ?» деген сұрақ әлі де жауапсыз қалып отыр.



Джон белгілі бір тұрғыда Лир дәл осындай мәселелер түрін анықтауға таптырмайтын мәтін болып қала беруде деп есептейді. Себебі біздің пьесаға деген толастамайтын қызығушылығымыз оның қалыпты талғам мен әдеп шектерінен аттап кететін тұстарын түсінбеу мен оларға қатысты мазасыздық сезімімен байланысты. Басқа сөзбен айтқанда, бізді қалыпты күтулерден алысқа, кейде тіпті сенбеушілікке дейін жететін нүктелерге алып кететін «Лирдің» мәтіндік позициясы – мағыналы талдауларға деген кез келген ұмтылысқа қарсы сыни межені анықтайтын ерекшелігі бар деген баға береді. Ал көптеген сыншылар үшін Шекспир мәтінінде варваризммен шектесетін сенімсіз және сахнаға шығаруға лайықсыз әлдене бар. XIX ғасыр сыншысы Чарльз Лам үшін, Лир «ауыртпашылықты және жиіркенішті», «ешқандай өнерге жатпайтын», «сахнада да қойылуға түбегейлі мүмкін емес» апат түріне ұқсатады. Олардан бөлек, Самюэль Джонсон да «Лирдың» шындықтан алыстығын қайта-қайта айтады. Мысалы, «Лир патша» шығармасындағы патшаның қызметкері Глостердің соқырлығы атап айтқанда өзінің алданып жатқанын сезбеуі туралы былай дейді: «Мен теңдей шынайылықпен Глостердің көзін ойып алу үшін кешірім сұрай алмаймын. Бұл драмалық сахналау үшін тым қорқынышты көрініс болып көрінеді және сол қалпында ол азаптайтын сананы көріністің шындықтан алыстығымен жеңілдетуге мәжбүрлейді».

Джонсон үшін «осы және өзге «ақылға сыймайтын» көріністерге куәгер болудың бір ғажабы, көрерменді толқыныста ұстаса да, олар басынан бастап бізді бей-жай қалдырмайды, – дейді Джон Джугин.

Арада бір ғасырдан астам уақыт өткеннен кейін А.С. Брэдли «Лирдің» шектен шығушылық эффектісін ұқсас терминдермен сипаттайды және пьеса жай ғана «сахна үшін тым үлкен» екенін айтады да, мынадай қасиеттерін тізбелейді: «Шығарма ауқымының кеңдігі; ол қамтитын интенсивті тәжірибенің көптігі мен әртүрлілігі; асқақ қиялдың интерпретациясы, өткір пафос және дәл осы пафостай-ақ адам жанын қозғайтын юмор; табиғат пен адам құштарлығы катаклизмдері құлашының кеңдігі». Арада қанша уақыт өтсе де, осындай пікірлердің болуы «Лир патша» трагедиясының әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпағанының көрінісі.

Бұл мақалада Джон «кейінгі әсердің» маңыздылығын ашып беруге тырысады: өлі Корделияны көтерген Лирдың бейнесі, пьесаның сыншыларының, редакторларының және көрермендерінің соңынан қалмай қойған «аяушылық пен үміт» көрінісі. Тотемдік маңыздылыққа ие көріністің эмоционалдық бояуының қалыңдығы сондай, пьесаны сахналаушы режиссерлер құдды бір соның әсерінен арылғысы келетіндей, бағдарлама мәтіндерінде оны әрдайым аттап өтуді әдетке айналдырған. Мәселен, Джон Джугин осы мақалада Northern Broadsides театр компаниясының негізін қалаушысы және режиссері Барри Раттердің айтып берген кезекті гастрольдік қойылымының «сахна сыртындағы» дайындығында болған оқиғаны келтіреді: 1993 жылы Солтс Миллсте Merry Wives-тің («Виндзор сайқымазақтары») қойылымының дайындығында жүріп жатқан кезде режиссер аяқастынан дайындықты тоқтатып былай дейді: «Осы ұзыннан-ұзақ бөлмеге өлі Корделияны құшақтаған Лир кіріп келіп, «Өкіріңдер, бақырыңдар, ұлыңдар!» десе керемет болмас пе еді?» Сонда жан-жағындағы адамдардың бәрі жылап жібере жаздап: «Иә!» деп бір ауыздан шулап сала берген екен.

Режиссер Раттердің түсіндірмесі дайындықтың қойылым соңында Корделияны көтеріп сахнаны кесіп өтетін Лир патшаның «кісі шыдатпас» көрінісінде «бір нәрсе дұрыс емес», ерсі немесе артық екенін дәлелдейді. Раттердің көріністі «алдын ала есіне түсіруі» «спектрлік эффектіні» растайды, себебі Деррида айтқандай: «спектр» деген әрдайым елес (оралу).

Негізінде Корделияның өлімі пьесаның «аяқталуынан кейін»; екінші жағынан, содан кейін келетін және пьесаның бүтіндігін бұзатын эпизодсыз, Лир бір түрлі толық емес болар еді.

Соңғы көрініс Лирдің азабын өлімнен де асып кететін шектерге дейін созады. Қайталанатын бірақ ылғи жалғыз, Корделия өлімінің агониясы «Лирді» ешқашан айтыла алмайтын, бірақ белгілі бір деңгейде біздің пьесаны қабылдауымыз үшін аса маңызды ертегі екенін дәлелдейді.

Сахнаның жан шыдатпас шектен шығушылығына қарсы тұру мен пьесаны тұтынуға «лайықтау» талпынысында алғашқы редакторлар мен адапторлар «Лирді» өзінің түпнегіз материалына жақындатып, шартты комедия деп растау үшін пьесаның аяғын «үйреншікті етуге» тырысқан. Наум Тейттің оқиғаны «жаңаша түзуі» Эдгар мен Корделияны «жұлдызды жұп» ретінде үйлендіріп, Лирдің бақытты зейнетте өмір сүруі – соның бір көрнекі мысалы. Алайда дәстүрлі түрде, 1681 жылғы Тейттің қойылымынан бері осы көрініс, тіпті, қойылым-



нан алынып тасталған күннің өзінде, сыншылар мен редакторларды үнемі мазалап келді. Самюель Джонсон үшін, мәселен, Корделияның өлімінің айналасында шұбалаңқы әділетсіздік сезімі бар және оның жаңғырығы театр тәжірибесінен әлдеқайда алысқа жетеді.

Самюель Джонсонның айтуынша, Шекспир Корделияның әділетті іс үшін көз жұмуын қалады. Ол тіпті әділет жайлы табиғи идеяларға, оқырманның үмітіне және одан да қызығы, жылнамалық деректерге қайшы келсе де солай болуын қалады. Зұлымдардың жолы болатын, ал жан ізгінің «азаптануына» әкелетін пьеса күмәнсіз жақсы болуы мүмкін. Өйткені бұл адам өмірінде көп кездесетін оқиғалардың көрінісі ғана; бірақ, барлық саналы жаратылыстар әділетті жақсы көретіндіктен, пьесада әділеттің жеңуі пьесаның өзін кемсіте түседі деп сендіру оңай емес. С. Джонсон: «көрермен қойылымда құдаланған ізгіліктің ең соңында жетістікке жетуінен ылғи да көңілі жайланыңқырап шығады дегенге сенбейді. Бұл жағдайда көрермен өзі шешім қабылдады», – дейді. Тейт заманынан бері Корделия ылғи жеңімпаз және бақытты боп сахнадан кететін. Егер С. Джонсонның сезімдері жалпы дауысқа әлдене қоса алса, көп жылдар бұрын Корделияның өлімі үшін пьесаны редактор ретінде қайта қарауға, оның соңғы көріністерін қайта оқуға оның жүрегі дауаламайтын еді.

Корделияның өліміне қатысты көріністің этикалық талабы біздің санамызды әлі күнге дейін билеп келе жатыр. Алайда біздің «Лирдің» жабылу сахнасына тәнті болуымыз – оның ізімізден қалмайтын о дүниелік өмірі бүтін пьесаға қатысымызды көрсетуі мүмкін бе? Қойылым қойылған сайын ол «қашықтықтан сезілетін қатынасты» біздің этикалық шеңберіміздің шындығын жасыруы – бізге арылу мүмкіндігін ұсынып, кейін тартып алуы мүмкін бе? Аффектілік қоюлықтың /түсініксіз?/ сахналаудың бұл сәттері қойылымда «өмір сүре беретіні» анық және солайша негізгі мағынасында Шекспир пьесасының «о дүниелік өмірінің» құрамдас бөлігі болады. Алайда шыдау мүмкін емеске шыдап келе жатқанымызды жай ғана дәлелдеуде «Лирдің» «айлалы инволюциялары» ештеңеге қарамастан трансформативті потенциалын сақтап қалады деп айтуға бола ма?» немесе пьесаның о дүниелік өмірінің шегі бар ма? Егер бастапқы қойған сұраққа қайтып келетін болсақ, бұл жағдайларда «Лир» неліктен ерекше немесе терең мағынаға толы болып қала алады?

Бұл сұрақтар ХХ ғасырдың жан шошырлық оқиғаларынан кейін де «өмір сүре беретін» заманауи көрермен (оқырман) үшін тіпті маңызды бола түсті деуге болады. Жеме-жемге келгенде, «Лирдің азапқа немқұрайлылығы» аса танымал: Оның «Лир патшаның» бейнет пен тақсіретінің сұмдығына ұшырау концентрациялық лагерьлердің, напалмдық бомбалардың, жаяу әскерге қарсы миаларының және әркімге де үйреншікті болып естілетін террористік әрекеттердің контекстінде соншалықты сұрапыл болып көрінбейді... Кейбіреулерге бұл – Адамның өмірді кезген дәруіштігінің не қаһармандық саяхатының емес, қайта торығу мен түбі ештеңеге апармайтын нигилистік интерпретацияларға ашық, біздің заманымызға арналған пьеса болып көрінеді.

Шекспирдің бұл шығармасы айырықша мәтін болуы да оның мағыналы интерпретациялар табуға деген талпынысымыздың шектеулі екендігін есімізге салатыны себепті, әрине, қайшылықты болатыны түсінікті. Мұның мағынасын одан әрі қазбаласақ, біз дәйекті одан әрі жылжытып, «Лир» – заманауи мәдениет құндылығы жойылды деп санаған кеңірек қабылдауда ғана «құнды» болып қалуы мүмкін екені; және солайша тура сол процесте «Лирдің құндылығы» өзінің қолданбалылығын жою процесінде аман қалуы – парадокс болып көрінеді. Бұл тұрғыда «Лирді» біздің замандасымыз деп атау одан әрі қарастыруды талап етеді, әсіресе, ол нигилизм мәселесі жайлы соңғы философиялық пікірталастардың жаңғырығы іспетті болатыны себепті солай ой түюге болады.

«Лир» трагедиясы Шекспирдің драмаларының қатарында лайықты орын алады. Назарды соншалықты сіңіріп алатын басқа пьеса жоқ шығар, сірә; және осы жайт біздің құштарлықтарымызды үгіттеп, қызығушылықтарымызды оятады. Жекелеген қызығушылықтардың айлалы инволюциясы, қайшылықты кейіпкерлердің таңғаларлық кереғарлығы, жағдайдың аяқасты өзгеруі және оқиғалардың бірін-бірі жылдам алмастыруы – ашу, аяныш пен үміттің тұрақты толқынысымен санамызды толтыратыны рас. Шекспирдің осы шығармасын әр заманның ойшылдары әлі күнге дейін талдап келеді. Шығарманы гуманистік, теологиялық, трагедиялық, комедиялық сипаттарда қарастыру процесі тоқтар емес.



Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Неліктен кейбір шығармалар уақыт өтсе де маңыздылығын жоймайды, ал кейбіреулері мүлде ұмытылады?
2. «Лир патша» шығармасының басты ерекшелігі қандай?
3. «Лир патша» пьесасы жайлы сыншылар қандай пікірлер айтты?

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Julie Rivkin, Michael Ryan, *Literary Theory: A Practical Introduction* (Wiley Blackwell, 3rd edition, 2016).
2. Джон Джугин, «Lear's Afterlife. 'Shakespeare Survey'» 55 (2002), 67-81 бб. *Annual Bibliography of English Language and Literature*. Cambridge University Press, 2002.
3. Чарльз Лам, «On the tragedy of Shakespeare» (1810-11), Фрэнк Кермоудтың (ред.) *Shakespeare: King Lear* кітабынан, 28-б.
4. Самюэль Джонсон, «Preface and Notes to King Lear» (1765) Фрэнк Кермоудтың (ред.) *Shakespeare: King Lear* кітабынан, 28-б.